



TYRKİ ДАНАЛЫҒЫ АРҚАУ БОЛҒАН

Prof.Dr.Tokbolat ENSEGENULI*

Dr. Esenbayeva ASEL*

АННОТАЦИЯ

Берілген мақалада «Авеста» - зороастризм діні тараған шығыс халықтарының бірталайының ортақ мұрасы екендігі айтылған. Әлемге кең тараған христиан, будда, ислам тағы басқа діндердің жасалуына себепші болған зороастризм діні Авеста шығармасында қаралғандығы расталады. Космологиялық-әлем жаратылысы, бөлшектер туралы мифтер, жануарлар жайлы, жақсылық әкелуді құдіретті тұлғалар мен жаманшылық жасауды мейірімсіз бейнелер жөніндегі мифтер және алғашқы адам мен әуелгі кемеңгер батырлар жайлы мифтер, сондай-ақ, дәстүр-салт, наным-сенім, өмір сүру ережелеріне қатысты мифтер бар екендігі мәлімделеді.

“Авеста” шығармасын Орта Азияда, соның ішінде Әмудария мен Сырдария өзендерінің төменгі ағысындағы Хорезм өңіріндегі халықтардың көне рухани мұралары негізінде қалыптасқан деген пікір ғылыми негізде тұжырымдалды. Орта Азиялық скиф-сақ тайпалары тәжік халқының арғы аталарының бірі екендігі айтылды. Біздің арғы бабамыз – Тұран қолбасшысы әрі данасы Афрасияб (Апрасияп) туғызған шешендік сөздер де «Авеста» шығармасын жасауға арқау болғандығы көрсетілді. Жалғыз жаратушы – Тәңірге табыну көне түркілер арасында көне заманнан қалыптасқандығы ғалымдардың пікірлері арқылы берілген. Көне түркілердің алғашқы қауымдық, бақташылық дәуірден бері қарай жасаған мәдени, рухани мұралары да “Авеста” шығармасының жасалуына себепші болғандығы мәлімделген.

Кілт сөздері: Авеста, Зороастризм, Түркі, Зороастризм, Афрасияб, Ер Тұңға

AVESTA'NIN TEMELİ TÜRK FELSEFESİDİR

ÖZ

Bu makalede Avesta'nın Zerdüştlük dininin yayıldığı doğu halklarının birçoğunun ortak mirası olduğu anlatılmaktadır. Dünyaya geniş bir biçimde yayılmış olan Hristiyanlık, Budizm, İslamiyet ve diğer dinlerin oluşumunda etkisi olan Zerdüştlük dininin Avesta adlı kitabı incelenir. Kozmik dünyanın oluşumu, maddeler/şeyalar, hayvanlar, güçlü şahsiyetler, iyilik getirme, kötülük yapan acımasız varlıklar hakkındaki mitler ve ilk insan ile ilk kahramanlar hakkındaki mitler, ayrıca gelenekler, inançlar, yaşam kuralları ile ilgili mitlerin bu eserdeki yansımaları konularında veriler paylaşılır.

Avesta'nın Orta Asya'da, Amuderya ile Sirderya nehirlerinin alt taraflarındaki Harezmi bölgesindeki halkların eski manevi mirasları üzerinde oluştuğu düşüncesi bilimsel dayanaklarla açıklanmaktadır. Orta Asya İskit (Saka) kavimlerinin Tacik halkının tarihi atalarından biri olduğu konusu işlenmiştir. Bizim tarihi atamız olan Turan komutanı ve büyüğü Afrasyap (Alp Er Tunga) tarafından söylenmiş olan hitabet örneği sözlerin de Avesta kitabına kaynak oluşturduğu gösterildi. Tek yaratıcı olan Tanrıya tapınmanın eski Türkler arasında ilk çağlardan beri görülmesi bilim adamlarının görüşleriyle desteklenerek anlatılmıştır. Eski Türklerin ilkel kavimler ve hayvan yetiştiriciliği döneminden beri ortaya koyduğu kültürel ve manevi mirasları da Avesta eserinin ortaya çıkmasına sebep olduğu anlatılır.

Anahtar Kelimeler: Avesta, Zerdüştlük, Türkler, Zerdüştlük, Afrasyap, Alp Er Tunga.

*Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Filoloji Bölümü, esengeldiuli.tokbolat@mail.ru

* Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Filoloji Bölümü,

Әлемге кең тараған христиан, будда, ислам тағы басқа діндердің жасалуына себепші болған зороастризм діні, сол дін қағидалары жазылған. Тәңірлік дәуірдің конституциясы атанған, көлемі 21 кітаптан тұратын, б.з.б VIII-VII ғасырларда жасалған «Авеста» шығармасы ғайыптан пайда болған ба? Жоқ, олай емес. Бұл дін – Орта Азия мен соған көршілес таяу шығыс халықтарының жүздеген жылдар бойғы тұрмыс-тіршілік жағдайлары мен дәуір талаптарына орай біртіндеп туындап, дамыған ырым-жора, әдет-ғұрып, наным, өмір сүру ережелері және сол елдердің мифтік аңыздары, даналық ойлары, толғау жырлары, тағы басқа рухани мұралары негізінде жетілдіре отырып қалыптасқан ілім. «Авеста» алғашқы қауымдық құрылыстан бастап бері қарай жалғасқан ұзақ-ұзақ көне тарихи кезеңдер мен сан түрлі мәдениеттердің негізінде қалыптасқан. Ал, соның ішінде «Авеста» шығармасының дүниеге келуіне адамзат тарихының бірінші үлкен сатысы – қауымдық кезеңдер мен /архетип сол тұстан зерттелінді/ неолит дәуірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы күшті ықпал жасап, осындай маңызы өте зор шығарманың туындауын қажет еткен.

«Авеста» кітабы – мифологиялық шығарма. Онда космологиялық-әлем жаратылысы, бөлшектер туралы мифтер, жануарлар жайлы, жақсылық әкелуді құдіретті тұлғалар мен жаманшылық жасауды мейірімсіз бейнелер жөніндегі мифтер және алғашқы адам мен әуелгі кемеңгер батырлар жайлы мифтер, сондай-ақ, дәстүр-салт, наным-сенім, өмір сүру ережелеріне қатысты мифтер молынан кездеседі. Сонымен бірге бұл шығармада тарихшылар неолит дәуірі деп атайтын – рулық қауымдық қоғам кезеңін, ұйымдасқан еңбек пен өндіріс құралдарына қоғамдық меншіктің өктемдік жасап тұрған тұсын, сондай-ақ, елді ұйымдастырып, билеудің бұрынғыдан да жоғары түрлері – тайпалар мен тайпалық бірлестіктердің бекем құрылып қалыптасқан мерзімдерін толық қамтып көрсетіледі. Осы пікірімізге профессор И.С.Брагинскийдің: «Біздің заманымыздан бұрынғы екі мың жылдықтың соңы мен бір мыңжылдықтың басы Орта Азияда әскери демократияның дамыған уақыты. Бұл тұс алғашқы қауымдық қатынастың ыдырап, жаңа таптық қатынастың туған кезеңі. Осы құрылыстың көптеген қасиеттері «Авеста» шығармасынан өзінің көрінісін тапты», - деген байламы нақты дәлел (Braginskii, 1956: 80). Соған сәйкес «Авеста» кітабының ең көне дәуірлердің мідени дамуының озық үлгілерін топтастырған маңызды шығарма екендігіне Ленинград университеті ғалымдарының өзге де осы еңбекті зерттеушілердің пікірлеріне сүйеніп: «Авеста» шығыстың мыңжылдық даналығының жиынтығы», - деген пікірін келтіріп (Kratkaya istoriya literaturi Irana i Afganistana, 1971: 5) ойымызды бекемдей түсуге негіз бар.

Шығыстанушылардың бәрі дерлік «Авеста» шығармасын Орта Азияда, соның ішінде Әмудария мен Сырдария өзендерінің төменгі ағысындағы Хорезм өңіріндегі халықтардың көне рухани мұралары негізінде қалыптасқан деген тұжырым жасады. Осы төңіректе ертеден орныққан мәдени жетістіктер, бұл аймақтағы егін мен мал шаруашылығы кәсібінің бағзы заманнан дамып өрістеуі және барлық ғалымдар мойындағандай, дін нышандарының Орта Азияда тым ерте қалыптасуы «Авеста» шығармасына арқау әрі зороастризм дінінің жасалуына негізгі саты болған. «Авеста» шығармасын түптеп зерттеуге күш салып, еңбектенген профессор И.С.Брагинский бұл қасиетті кітаптың жасалуына

өзек болған ең көне мәдени жетістіктер шоғыры қашан, қай жерде туындап, өріс тапқанын зерттей келіп: «Сонымен, Орта Азия адамзат мәдениетінің алғашқы ошағының бірі болып табылады», - деп түйін жасайды (Braginskii, 1956: 23).

Сондай-ақ, Қазақ жерінің оңтүстік өңірлеріне зерттеу жасаған белгілі археологтардың бәрі дерлік бұл аймақтарда алғашқы қауымдықтан кейін мәдени жетістіктер шұғыл дамып, яғни тас дәуірінен қола дәуіріне немесе алғашқы металл ғасырын тез қалыптастырғанын ғылыми тұрғыда дәйектеп: «Орта Азиядағы екі өзен - Әмудария мен Сырдария аралығы малды қолға үйретудегі ең бірінші аймақ болып табылады», - деген жорамалды шындыққа айналдырды (Engels, 1953: 24). Осы тұжырымдардың қазір дұрыс байлам болып орнықты қалыптасқанын қазақтың ірі ойшыл жазушысы Ә.Кекілбаевтың: «Біздің заманымызға дейінгі екі мыңжылдықтың орта тұсында Қазақстан тайпалары қоладан бұйым жасауды меңгерген. Ал отырықшы мал шаруашылығы Оңтүстік Қазақстанға тән болды. Сақтар тұсында түйе қолға үйретілді», - деген сөзі түйіндей түседі (Kekilbayev, 1999: 5).

Расында, Орта Азия тым ерте заманнан мәдениет өрісінің орталығы болып, әлемдік өркениеттің бастау алған діңгегінің бірі атанған. «Авеста» шығармасының жасалып, қалыптасып, дүниеге келуінің бірден бір ошағы Орта Азия болғанын шығыстанушы ғалымдардың көбісі дерлік мойындап, сондай тұжырым қалыптастырған. Бұған Орта Азияның көне мәдениеттерін жан-жақты зерттеген, профессор С.П.Толстовтың: «Аңыз бойынша осында зороастризм дінінің негізін қалаған - аңыздық тұлға Зороатуштра пайғамбар туған. Тағы сол Маркварт өзінің еңбегінде ахеменид дәуіріне дейін Орта Азияда Хорезм гегемониясына бағынған күшті держава болғаны жайлы болжам ұсынды. «Авестадағы» комплексті аңыздар бірінші коянидтердің жеңісіне байланысты, әсіресе, олар Сияваршан және Хусрав молшылық көлі елін, Урвадан /Көне Үргеніш/ қашық емес. Ворукаша /арал/ теңізін және дахтар елін /Сырдарияның төменгі ағысы/ тұтастай бағындырған», - деп айтқан деректерін айтсақ та жетеді (Tolstov, 1948: 11,87). Осы келтірілген үзіктер қасиетті «Авеста» шығармасының біраз құпия сырларының бетін ашып, сол мұраны қалыптастыруға баспалдақ болған халықтың сенім-наным, мифтер мен сол рухани қазынаны жасаған Зороатуштра және ақырында, бұл діннің өзі сол Хорезм өңірінде туғандығын сендіріп отыр.

Сонда Орта Азияны алғашқы қауымдық кезеңнен бері қарай кімдер мекен еткен, бұл мәдениет жетістіктерін кімдер жасаған? Бұл сұраққа тұжырымды жауапты И.С.Брагинскийдің еңбегінен табуға болады. Ол бұл аймақты сонау бағзы замандардан түпкілікті көне түркілердің негізін құраған ру-тайпалар мекен еткеніне көз жеткізу мақсатында сол ежелгі кезеңдердің қола дәуіріне талдау жасай келіп: «Бұл кезең соңында қалай дегенмен де Орта Азия тұрғындарының этникалық құрамы шамамен скифтер /сақтар/ болды. Андронов мәдениетіне жататын тайпаларда біршама ертеректегі сақ және совраматтық /сарматтық/ мәдениетке тән көптеген өзіндік элементтер қалыптасқанын жаңа зерттеулер көрсетеді. Палеоантропологтар мәліметі бойынша андроновтар – скиф - сақтардың тікелей аталары деп А.П.Окладников тұжырымына қосылуға болады», -

деген байлам жасады (Braginskii, 1956: 26). Осы тұжырымдардың орындылығын Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың: «Осыдан екі мың жыл дерлік бұрын біздің жерімізде дамыған мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын бір-бірінен шебер ұштастырған өзіндік бірегей андронов мәдениеті пайда болды. Арийлер деген атпен ұлы мәдениеттер жасап, ұлы мемлекеттер құру үшін бір кезде Үндістанға қарай бет алған тайпалар тап сол андронов мәдениетінің иелері еді. Қазақстанның сақ тайпалары андронов мәдениетін жасаушы халықтың «Авестада» айтылатын арий, тур, дах және дайлардың тікелей ұрпақтары болып табылады», - деген сөзі бекемдей түседі (Nazarbayev, 1999: 77).

Сондай-ақ, профессор И.С.Брагинский Орта Азиялық скиф-сақ тайпалары тәжік халқының арғы аталарының бірі екенін мәлімдейді (Braginskii, 1956: 29). Сосын осы аймақты ежелден мекендеген ру-тайпалар «Авеста» шығармасын жасауға зор үлес қосқанын білдіріп, әсіресе, осы кітап тәжіктердің фольклорлық шығармалары желісінде жасалынған жазба мұрасы болып табылатындығын растайды. Ғалымның бұл байламын қуаттаймыз. Өйткені, тәжіктердің мәдениеті ертеден қалыптасқан ел екенін дәлелдеп жатудың қажеті шамалы. Әрине, «Авеста» кітабы – Орта Азия елдерімен шекаралас жатқан бірсыпыра көршілес елдердің де ортақ мұрасы. Мысалға, ирандықтардың бұл зороастризм дінін мойындап кейін мемлекетті басқару құралына айналдыруы, сол мақсатта «Авеста» кітабын қайта құрастыруы - сол шығарманың негізінің сақталуының, бізге келуінің кепілі.

Мұнымен қоса, шығыстанушылар Орта Азияны алғашқы қауымдық кездерден бері қарай скиф-сақ тайпалары орнықты мекендегендіктен, олардың мәдени даму жетістіктерімен бірге ондағы ел басқарған, солардың қамын жасаған ойшыл тұлғалардың даналық толғаулары мен шешендік сөздері, өмір сүрудің ережелерін кемеңгершілікпен тұжырымдауы осы «Авеста» кітабын жасауға себепші болғанын нанымды деректермен түсіндіреді. Мысалға профессор И.С.Брагинский осы шығарманы зерттей келіп: «Көне заманның жеті данасының бірі, аты аңызға айналған сақ кемеңгері Анахарсис айтқан сөз бен жоғарыда «Авестада» келтірілген афоризм формуласының толық сәйкес келуі соған дәлел», - деген дәйектемесі бұған негіз болады (Braginskii, 1956: 43) Расында, «Авеста» кітабындағы Митраға арналған жырдағы:

Уәде беру, келісім сөзі-

Жиырма рет қайталанған сөз

Екі достың арасында.

Әке мен бала арасында-

Жүзінші рет келісім.

Екі елдің арасында-

Мыңыншы рет келісім,-

деп айтылған өлең жолдары (Avesta, 1993: 106). И.С.Брагинский еңбегінде келтірілген дана Анахарсистиң мәйекті сөзімен етене сабақтасып тұр (Braginskii, 1956: 43). Бұл түркілерден шыққан философты бүкіл дүние ойшылдары мойындап, әлемге ол «Анахарсис Скифский» деген есіммен танылған. Ол тарихи дерек бойынша сақтар мемлекетінің дәуірлеп тұрған тұсында, яғни «Авеста» шығармасы жасалар кезде көне дәуір жұлдыздарының бірі есебінде аты шыққан. Сол сақ мемлекетінің күшейген уақытын анықтауға және «Авеста» мұрасына қатысты ойдың мәнін қоса-қабат ашуға «Қазақстан тарихы» кітабындағы: «Сақтардың космос жөніндегі символдық түсінігіне Есіктен табылған сақ тайпасының дулығасы нақты мысал бола алады. Бас киімнің алдыңғы жағынан күн бейнесі – күллі космостың тұтас бейнесі: қанатты пырақ пен төрт алтын жебе салынған. Бұл күн өз жолымен жүргенде айналып өтетін барша үш дүние мен жалғанның төрт бұрышын түгел бейнелейтін өктемдіктің өзгеше бір белгісі», - деген тұжырым дәлел (Kazakhstan tarihi, 1994: 45). Осы келтірілген үзіктері космология жөніндегі символдық наным «Авеста» шығармасына да арқау болған өзекті салалардың бірі. Бұған сол даналық кітаптағы қорғаныс құдайы – Вэртагна жырының:

Аспандағы құдірет

Вэртагна деп санаймын,-

деп басталатыны (Avesta, 1993: 118), сондай-ақ осы шығармадағы жұлдыздар құдайы – Тиштраға арналған жырда Тиштраның алтын құлақты, алтын жүгенді ақбоз атымен жаңбыр жаудыру үшін бұлтты қуып келе жатқанын суреттегені айғақ (Avesta, 1993: 64). Әлем бөлшектерін тану «Авеста» шығармасына арқау болғандығын осы мұраны зерттеген А.О.Маковельскийдің: «В Авесте принимается деление земли на семь частей. Луна делится 6 фаз по 5 дней каждая», - деген сөзінен толық байқауға болады (Makovelskii, 1960: 68). Қысқасы, Анахарсис даналығы Сақ патшасының бас киіміндегі космологиялық бейнелер «Авеста» шығармасының жасалуына себепші болған. Осындайда, көне дәуір әдебиетін зерттеген профессор А.Қыраубайқызының: «Қазақ аңыздары жайлы терең зерттеген Әлкей Марғұлан: «Авестаны жазған Әмудария мен Аралды мекендеген ғұндар (кердері, абдалдарды айтады), - дейді», - деп жазғаны еріксіз еске түседі (Kıgaubaıkızı, 1999: 679).

Сол тәрізді, біздің арғы бабамыз – Тұран қолбасшысы әрі данасы Афрасияб (Апрасияп) туғызған шешендік сөздер де «Авеста» шығармасын жасауға арқау болғаны байқалады. Шын мәнінде, Афрасияб шығысқа түгел танылған кемеңгер және ел қорғаны болған дара тұлға. Оған бір-екі ғана дәлел келтірейік, профессор Ө.Күмісбаев осы патша жайында сөз қозғай келіп: «Оған арналған тарауда (Шахнамада) Тұран патшасы Афрасиябтың ирандық шах Каштасиптің қымбат сыйлық беру талабын жеткізген оның елшісінің сөзіне құлақ аспағаны айтылған», - деп жазғаны (Kumusbayev, 1996: 132), әйгілі шығыстанушы Л.Н.Гумилевтің: «Және мынаны қараңыз: «Түріктер хандық құрып, шексіз ақыл мен даналықтың иесі болған Афрасиябтың мақал-мәтелдерінің ішінде мынадай біреуі бар екен: «Түрік шанақ ішіндегі теңіз маржаны сияқты, өз жайында жатқанда ол тіпті құнсыз нәрсе, бірақ ол теңіз шанағынан шықса болғаны баға

құны артып, патша тәждері мен қалыңдықтың мойны мен құлағының әшекей-көркі болып шыға келеді», - деп білдіргені айғақ (Gumilev, 1994: 146). Көне түркілердің наным-сенімі, дәстүрі, шешендік, жыршылық мұралары тағы басқа оның жетістіктері «Авеста» шығармасының жасалуына желі боғандығын Тұран тайпаларының «Авеста» шығармасына тұтастай өзек болып тартылғанынан және кемеңгер Афрасиябтың бейнесі «Авестада» көрініс тапқанынан айқын болжауға мүмкіндік бар. Бұған Е.Э.Бертельстің: «Следующий эпизод-безуспешная попытка Франграсьяна добыть фар, который уходит от него в недосегаемые глубы озера. Франграсьян там - туранец Афрасияб», - деген тұжырымы негіз (Bertels, 1960: 61). Әрі оның есімінің «Авестада» орын алуы - Афрасиябтың «Авеста» жасалар тұста атақты тұлға болғанын байқатады.

«Авеста» шығармасының жасалуына, қалыптасуына бастан аяқ жұлындай болып тартылған, соның тұтастығын, тартымдылығын сақтап тұрған өзек – табиғатқа табыну культі. Бұған профессор И.С.Брагинскийдің: «Табиғат культінің өміршендігі сонша, Орта Азияға тараған барлық діндер өздерінің табынар құдайларының қатарына осы табиғат культін қосып алды, зороастризм діні де солай қалыптасқан», - деген тұжырымы дәлел (Braginskii, 1956: 62). Ал, табиғат культі Орта Азияда, көне түркі тайпалары арасында алғашқы қауымдық тұстан туындап, қалыптасқандығын, тіпті, антикалық әдебиеттерден де молынан кездеседі. Мысалға, Геродот жазып қалдырған еңбекте күнге, жерге, суға, отқа табыну жөнінде айтып, массагеттердің күнге табынып, құрбандыққа жылқы әкелетінін, сондай-ақ, ол скифтердің отқа да көп табынғанын мәлімдеген (Braginskii, 1956: 60,62).

Осы арада еске саларымыз, көп құдайға, пұтқа (язычество) табыну – зороастризм дінінің «Авеста» шығармасының туындауының түпкі тірегі. Себебі, бұл дінді жасаған Зороатуштра сол бұрыннан қалыптасқан көр құдайлар: күн, жер, ай, су, жұлдыздар құдайларын сақтай отырып, сол әлем бөлшектерін жасаушы жалғыз жаратушы күш, бәрінен биік Тәңір бар екенін жария еткен. Айырмашылығы сол-ақ. Осылай дала пайғамбары Зороатуштра күн, жер, жұлдыздар тағы басқа құдайларды жаратқан жалғыз Тәңірге табынуды уағыздап, реформатор болды. Ал, жалғыз жаратушы Тәңірге табыну көне түркілер арасында алғашқылардың қатарында, бағзы заманнан қалыптасқан. Осыған профессор М.Аджидің: «Олардың (түркілердің) Тәңір құдайының пайда болуы ең кешінен санағанда б.з.б V-III ғасырларға жататынын Қытай тарихшылары да атап көрсетті. Түркілердің өзге халықтардан айырмашылығы құдайы жалғыз болды, олардың сенімінің көршілердің сенімінен айырмашылығы осылай ерекшеленді. Христос туғанға дейін көп бұрын түркілер (қыпшақтар) жалғыз құдайға табынды, міне солардың мәдениетінің ерекшелігі», - деген тұжырым негіз (Adji, 1994: 315).

Жалғыз жаратушы – Тәңірге табыну көне түркілер арасында атам заманнан қалыптасқандығына профессор С.Н.Абрамзонның: «Ең көне, тіпті ұмытыла бастаған көктегі құдірет - Тәңірі көне түркілердің санасындағы аса қасиетті ұғым. Бұл наным хұндар, үйсіндер, сиянбидер, гаогоцтер арасына кең тарап, содан шығысқа қарай жайылды», - деген мәліметі бекемдей түседі (Abramazon, 1990: 64). Енді осыған зерттеуші Ә.Бекділдаұлының: «Дала

пайғамбары Зороатуштра – далалық протосақ халықтарының жоғары өркениетті сақ тайпаларына біріккен кезеңде өмір сүріп, дала халықтырының мәдениетін жаңа сапаға көтерген тұлға. Зороатуштра жазуды меңгерген кемеңгер тұлға. Зороастризмнің негізін қалап, ілім етіп қалыптастырған кемеңгер жұлдызшы, ұлы дала мен Таяу Шығыс елдерін мекендеген халықтардың барлығына ортақ қандасымыз Жаратушы пайғамбар атанған. Иә, Зороатуштра – Жаратушы пайғамбар жаңа ілімнің, даналықтардың өмір салтына сәйкес танымның жаратушысы», - деген байламын қоссақ көп мәселенің сыры аңғарылып, түсінікті бола бастайды (Bekdildauli, 1998: 92). Бұған тағы ағылшынның атақты ғалымы М.Бойстің: «Зороатуштра азият даласында, Волганың шығыс жағында өмір сүрген», - деген дәйектемесін қоссақ (Bois, 1994: 4), бұл мәселе сыры бұрынғыдан да айқындала түседі. Қысқасы, зороастризм дінін жасаушы Зороатуштра өзі өмір сүрген Орта Азия халықтарының наным-сенім, дәстүр-салт, даналық ойлары, көбісін тағы басқа мәселелерді өз шығармасын жасауға арқау еткен. Осындайда алға озып ой білдірсек, Зороатуштра есімімен аталған бұл дін – Тәңірлік дін, ал Тәңірлік дін негізі – «Авеста» шығармасында жазылған.

Сөйтіп, көне түркілердің алғашқы отқа, суға, күнге, айға, жұлдызға, жер-анаға табыну наным-сенімдері «Авеста» шығармасын жасауға баспалдақ болған. Бұған өте көптеген мәліметтер келтіруге негіз бар. Солардың бәрін тізбектемей-ақ осы бағыттағы ой-пікірімізді С.П.Толстовтың: «Зороастризмнің қасиетті оты Хорезмде бірінші болып жанды», - деген сөзімен түйіндеуге болады (Tolstov, 1948: 11). Ал, Хорезмді ежелден көне түркілер мекендеген. Бұған И.С.Брагинскийдің: «Соған орай білдіреріміз, Өмудария мен Сырдария скифтер жері», - деген түйінді сөзі айғақ (Braginskii, 1956: 87).

Бұдан әрі осы бағыттағы айтпақ дерек, пікір, байламдарды түйіп қана білдірсек, көне түркілердің тарихи аңыздары да «Авеста» шығармасындағы әділдік пен зұлымдық үшін күрескен мифтік бейнелерді жасауға себепші болған. Мысалға, б.з.б V ғасырда өмір сүрген Геродот парсы патшасы Кир мен Массaget патшасы Томирис ханым арасындағы соғыстың бір көрінісін баяндаған. Онда парсылар айла жасап, әскерді басқарған Томирис патшаның баласы Спаргаписті тұтқын етеді. Массaget билеушісі Томирис Кирге баласын босатуды және бұл жерден бейбітшілікпен кетуді талап етеді де: «Егер оған көнбесең күн мен массагеттер билеушісіне ант етемін. Сен жауыздыққа тоймаған адамсың. Сол ашылған араныңды қан сіміртіп қандыртамын», - дейді (Braginskii, 1956: 131). Ақыры, Томирис солай жасайды. Профессор И.С.Брагинскийдің мәлімдеуінше: «Спаргапис «Авеста» кітабында «Спарга», - деп жазылған (Braginskii, 1956: 131). Сол сияқты «Авеста» шығармасында алғашқы адам жөнінде де мифтік аңыздардың бірнешеуі берілген. Мысалға, Орта Азия, парсы халықтарына ортақ «Каюмарс» атты мифтік шығармадағы сол тұлға «Авестада» – Гайомартан, Гайомард деп жазылған (Braginskii, 1956: 121).

Осындай алғашқы адам жайлы болжамдар көне түркі аңыздарында баршылық. Мысалға, Геродот сондай аңызды кітабына енгізген. Онда: «Скифтердің айтуынша, солардың шөл дала жерінде Таргитай деген атпен бірінші адам дүниеге келген. Таргитайдан үш бала тарайды. Олардың есімдері:

Липоксай, Арпоксай және ең кішкентайы Колаксай. Осы есімдер «Авестаға» арқау болған. Бұған И.С.Брагинскийдің скифтердің есімдерінің этимологиясын: Таргитай – «Авестада» Тарегга; Арпоксай – «Авестада» Урвахшай; Колаксай – «Авестада» Хварс; Липоксай – «Авестада» Урупай деп көрсеткені дәлел (Braginskii, 1956: 132). Көне түркілердің алғашқы қауымдық, бақташылық дәуірден бері қарай жасаған мәдени, рухани мұралары да «Авеста» шығармасының жасалуына себепші болған. Бұған көптеген мәлімет келтіруге болады. Мысалға, бәрімізге таныс (Ер Төстік) ертегісіне назар аударайық. Бұл халықтық шығарманың өзегі – (Авеста) кітабындағыдай, дуализм – жақсылық пен жаманшылық әкелушінің күресі. Бұл мәселе арнайы талдауларды қажет етеді. Қысқасы, (Авеста) шығармасы – «Ер Төстік» ертегісінің толысқан, күделіленген түрі. Осы жасаған тұжырымымызды академик Ә.Марғұланның: «Енді сол үйсін-қаңлы заманындағы ерлік жырларды қарастырайық, бұлардың ішінде «Ер Төстік» ең ескі дәуірде шыққан бақташылық жырдың бір ерекше түрі. «Ер Төстік» ертегісінен ерте дәуірдегі аңыздық нұсқасын ғұн тарихына байланысты тұстарын талдап, қағазға түсірген қытай тарихшысы Сыма Цянь. Оның «Тарихи жазбалар» атты еңбегінде Ер Төстік жер бетіндегі зұлымдықты жойып, енді жер астындағы қара ниеттілерді құртуға талаптанады-мыс», - деген сөзімен түйіндесек жарасар (Margulan, 1983: 170-171).

«Авестадағы» негізгі атаулар, аңыздық бейнелер, қажет десе, кітаптың аты- «Авеста», соны жасаған дананың есімі Зороатуштра, тағы басқа көптеген сөздер бұл мұраға көне түркі сөздерінен енгенін шығыстанушы ғалымдардың бірталайы әлдеқашан өздері дәлелдеп, мойындаған. Мысалға, профессорлар В.М.Жирмунский мен Х.Т.Зарифов: «Көп құдайға табынудағы «диоаларды» зороастризмнің дуалистік дінінде жаманшылық әкелуші рух Ахриманың жақтастарына айналдырды. Див (өзбекше дев), оны «Авестада» адам кейіпіндегі аса қорқынышты тұлғаға айналдырды. Пері – «Авестада» «пайрик», жылан-аждаһа - «Авестада» «Ажидаханка» деп аталады,- деп жазды (Jirmunskii, Zarifov, 1947: 170-171). Сол сияқты, И.С.Брагинский де скиф-сақ тілінен енген сөздердің «Авестада» мол екенін дәлелдеді. Бұған оның: «Кроме дэф, демонов мужского рода, существовали представления о демонах женского рода – прежде всего шайтаны, джин. Одним из самых вредных демонов считался ОЛ, мужского и женского рода. К очень древним мифологическим оброзом принадлежали так же Пэри (Пари) в Авесте – пайрика – алые женские демоны, волшебницы», - деген дәйектемесі негіз болады (Braginskii, 1956: 118-119).

Шындығында, «Авеста» Орта Азияда туғандығын, бұл аймақты ежелден түркілер мекендегенін шығыстанушы ғалымдардың бәрі дерлік мойындаған, тек, кейін «Авестаны» парсылар иемденіп кезінде мемлекеттік дінге айналдырып алған. Соңғы сөзімізді де нақты ғылыми тұжырымдарға сүйеніп айтып отырмыз. Оның үстіне, осы пікіріміздің орнықтылығын зерттеуші Ә.Бүркітбаевтың: «Авеста» қазіргі түркі тілдес халықтардың қолжазбасынан алынды. Міне, осылай біздің тілді білмейтін парсылар «Авестаны» өз туындымыз деп өтірік аударып өткізген. Шынту айтқа келгенде, сақ деген сөзді соғда деп, хан-патша деген сөздерді (постоялый двор) деп, «Тәңірі», «пері», «шайтан» деген сөздерді аударма алмаған. Сабыр бабамыз Шапур деп Сабыр қаласын Ашапур, Сакстанды Сайыстан деп

аударған. Француздар үнділерден табылды, олармен соғысқан Калифат пен персілер деп ұғып, қолжазбаны соларға аударған арсыз адамдар бұл тіл өліп қалған біздің бабаларымыздың тілі деп аудары берген. Өзім көрі болған оқиғаны тағы да көрген көзге айтқызайын,- деп жазғаны нақтылай түседі (Burkitbayev, 1999: 88).

Ғалым Ө.Бүркітбаев сәл өткірлеу айтса да, шындықты білдірген. Әрине, «Авестаны» түркілерге ғана меншіктеу ыңғайсыз болар. Әділінде «Авеста» - зороастризм діні тараған шығыс халықтарының бірталайының ортақ мұрасы. Бұл тұрғыдан келгенде ғалым Ө.Бекділдәулының Зороатуштраны ұлы дала мен Таяу Шығыс елдерін мекендеген халықтарға ортақ екенін білдірі: «Иә, Зороатуштра – Жаратушы деп аталуы да сондықтан. Оны көктегі Тәңірмен тілдесе білетін құдіреті бар деген ұғым тараған. Халық арасында осы күнге дейін айтылатын «Жаратушы айтқан», «бір Жаратушы біледі» деген сөздер сол замандардан жеткен мұра»,- деген байламы көңілге қонады (Bekdildauli, 1998: 92). «Авеста» жасалған аймақты атам заманнан көне түркілер мекендеген. Бұл тұжырымды профессор С.П.Толстовтың: «Жоғарыда баяндалған, өзге де кеңінен талдап мінезделген тұжырымдар бізге сол Кангюй атымен үйлескен Кангхой – Авестаның тасасында Хорезм жасырынып тұр деген қорытынды жасауға әкеледі»,- деген сөзімен түйсек жетер (Tolstov, 1948: 154). Сөйтіп, «Авеста» шығармасының жасалып қалыптасуына түркілердің ежелгі рухани мұралары арқау болғаны айқын танылып тұр.

ADEBIETTER

ABRAMAZON S.M., (1990), *Kyrgyzi i ih ethnogeneticheskie i istoriko-culturnie svyazi*, Frunze: Kyrgyzstan.

ADJI M., (1990), *Polyn polovetskogo polya*, M: TOO “Pik-context”.

AVESTA, (1993), *Izbranie gymni, Perovod s avestiskoi E.Steblin-Kamenskogo*. Moskova: Drujba narodov.

BEKDILDAULI A., (1998), *Zoroatushtra, Kazakh Batirları*, Almaty: №1.

BERTELS Y.E., (1960), *Istoriya persidskogo-tadjikskoi literatury*, Moskova: Iz.Vostok.lit.

BRAGINSKII E.S., (1956), *Iz istorii tadjikskoi narodnoi poezii*, Moskova:ANSSSR.

BOIS M., (1994), *Zoroastrisi, Verovanya I obychai*, St.Peterburg: Peterburg, vostokovedinya.

BURKITBAYEV E., (1999), *“Avestani” okyanda, Kazakh Batirları*, 2-sany, Almaty.

ENGELS F, (1953), *Proishojdenie semii chastnoi sootvetsvennosty i gosudarstvo*.

GUMILEV L.N., (1994), *Kone Turkter*, Almaty: Bilim.

JIRMUNSKII V.M., ZARIFOV H.T., (1947), *Uzbekiskii narodny geroicheskoj epos*, Moskova: OGEY.

KAZAKHSTAN TARIHI, (1994), Almaty: Daur.

KEKILBAYEV A., (1999), *On eki tomдық shıgarmalar jinagi*, 8t, Almaty: Ulke.

KRATKAYA ISTORIYA LITERATURA IRANA, AFGANISTANA, (1971), Leningrad: Iz. Leningradiskogo universiteta.

KUMUSBAYEV U., (1996), *Problemy arabo-persidskih i kazakhskih literaturnih svyazi*, Almaty.

KIRAUBAIKIZI A., (1999), *“Korkit ata” mihteri zhane Avesta*, kitapta: Korkit ata, Almaty.

MAKOVELSKII A.O., (1960), *Avesta*, Baku: An .Azerbaijana.

MARGULAN A., (1983), *En eski daurdegi halık anızdarı*, Zhuldyz: №9.

NAZARBAYEV N., (1999), *Tarih tolkynında*, Almaty: Atamura.

TOLSTOV S.P., (1948), *Po sledam drevnehorezminskoi sivilizasi*, M-L: ANSSSR.